



Шәнгерей Бөкеевтің лирикасы

Шәнгерейдің ақындық өнері не-
шізінде XIX ғасырдың екінші жарты-
сында калыптасты. Ақындық қызы-
меттің мазмұн сапасы, сыр-сипаты,
әлеуметтік бағыты, нысанасы, өзін-
дік ерекшеліктері осы кезеңде белгілі
бір ізге түсіп, жүргенге келді, толығы-
нан айқындалды. Оның кейінгі ке-
зеңде, XX ғасырдың бас кезінде
акын творчествосында айтартылған
өзгеріс, бетбұрыс болғаны байқа-
майды.

Ұзақ жасап, көп өлең жазып жүр-
ген ақын қалдырыған әдеби мұра, сез-
сіз, бізге келіп жеткенінен алде кай-
да комакты, әлденеше есе мол бол-
са керек. Содан әзір белгілісі, ка-
ғазға түсіп, баспа көргені оннан бір
нұсқасы гана шығар. Қөлемі шағын-
дау болғанымен Шәнгерейдің сак-
талған, белгілі болған шығармалары
оның творчествосының идеялық маз-
мұны мен әлеуметтік бағытын таны-
туға негіз, дәйекті дерек бола алды.
Олар түрлі тақырыпқа арна-
лып, қоғамдық өмірдің сан қылы
жактарын қамтиды.

Шәнгерей шығармаларының басты
сарындары идеялық нысаналары —
өмірдің өтүй жайлар топшилау, ескі
заманды аңсау, ғылым-білім туралы
ой туо, өз өмірінің әр түрлі кезеңдерін
бейнелеу, махабbat, достыкты,
саятшылыкты, табиғат құбылыста-
рын суреттеу болып келеді.

Олардың ішінде әлеуметтік өмір-
дің әр түрлі жактарын сез ететін
шығармалары өз алдына бір топ.
Осы топтағы өлендердің тақырып-
тық өзегі — заманның өтүй, жастик
шак кетіп, көрілік келуі, өлім, о дү-
ние, дін жайлар толғаулары болып
келеді. Бұл алуандас өлен-жырла-
рында Шәнгерей ескіні аңсайды,
өмірден түніліп, торғады.

Ақынның өлім мен өмір туралы
философиялық толғаныснан бір та-
лайды өмір шындығының елесі көрінеді.
Тұмак, өлмекті, діни үғымға сүйенсе-
де, қалайда табиғи, занды құбылыс
ретінде түсінетін аңғарылады. Бұл
тұста өзінің топшилауларын, түйінді
оның үнемі құрғап баидамай, сәзбен
мүсіндел жасаған жанды бейне, ке-
лісті сурет-картина арқылы да ше-
бер жеткізеді. Бірақ Шәнгерейдің
өмір жайлар өмірдің өтүй жайлар ой-
пікірлері оның әлеуметтік өмірден
безінү, бойын аулак үсташа сиякты
қоңіл-құйларімен астасып, өз зама-
нынан торғу сарынмен үштасып
кетеді. Өз заманындағы әлеуметтік
құрылышқа жатыркай, жатына ка-
раган ақын алдан да үміт таптайды.
Сөйтіп барып ол алдағыны о дүнне-
ден, құдайдан күтеді. Дінге, құдайға
қоңілің сендеріп, содан бір тыянак
таппак болады.

Шәнгерей өлендерінде өте-мөте
балалық шак толығырақ және көр-
кем суреттелген. Ақын балалық
шактың қайта оралмайтын ләззәтін,
өзіндік артықшылығын косаяк бей-
несі арқылы шебер береді. Косаяк-
тың жаратылыс-бітімін, мүсінін, қи-
мыл-козғалысын үлкен суреткерлік-
пен сыйпаттайды.

Косаяк қаншалыкты мол бейне-
ленигенімен, шығарманың идеялық-
мазмұндық өзегі, тірері сол косаяк-
ты қуып жүрген баланды суреттеу,

балалық шакты ыспаттау екенін, ба-
лалық кездін қызығын, уайымсыз-
камсыздығын көрсету екенін аңға-
рамыз.

Шәнгерей лирикасының тағы бір
елеулі саласы — махабbat, достық
жайын баяндайтын, салтшылық өмі-
рін, табиғат көріністерін суреттей-
тін өлеңдері.

Бұл өлеңдерін тақырыптарға жазыл-
ған шығармаларында Шәнгерей
акындық өнерінің өнімді жақтарын
байқатады. Торғуға унемі бойын
бilletтеп, сергіл, серпіліп отырады,
Ақынның махаббатты, табиғатты су-
реттеуі өмірден безінү емес, негізін-
нен өмірді қызықтау сезімнен туып,
осы сезімнен от алып, нәрләнеді.
Махабbat, достыкты ардақтауы, та-
биғат, құбылыстарын төбірене сер-
гек сезінү — мұның бәрі бай эсте-
тикалық сезімнен, табиғаттың терең
үға білуден, ақындық шеберлік-
тен туды.

Ақын махабbat тақырыбына, табиғат
көріністерін суреттеуге арналған
өлеңдерінде қоғам өмірінің қоқей-
кесті, маңызды мәселелерінен ал-
шактап, кей реттерде таза көркем-
дікті, таза әдемілікті уағыздайтын
акындарға жақында, солармен са-
рындағас кетеді. Осыған қарағанда,
орыс жазушыларының шығармаларын
көп оқып, көп үйрекпен ақын,
орыс әдебиетіндегі әстет жазушыларды
(Фет, Тютчев сиякты) өте-
мөте іш тартып, солардың өмір су-
реттеу, бейнелеу тәсілдеріне, ерек-
шеліктеріне беріле дең койған, үйи-
ған секілді.

Казак поэзиясында терме, толғау
жыр, дидактикалық өлең түрлери
мол еді. Шәнгерей сыршыл лирика-
ны, суретті бейнелеу тәсілін дамыта-
түсті — оның творчествосының сал-
мактырақ жағы осы.

Шәнгерейдің М. Ю. Лермонтовтан
аударған «Қашқын» атты поэмасы
оның көлемді, курделі шығарма ту-
дыруға да шеберлігі жететтін аң-
ғартады. Шәнгерей Лермонтов поэ-
масының мазмұнның, идеялық құнар-
лышының, көркемдік касиеттерін қа-
зак тілінде көніл толарлықтай етіп
жеткізеді. Орысша текст ямб (8—9
буынды) өлшемінен жазылған. Шән-
герей қазақшага 11-буынды өлеңмен
аударған. Сонда да поэма түпнұс-
қага өте жақын, басы артық, орын-
сыз сездер кездеспейді. Шығарма-
ның тілі көркем, орамды.

Шәнгерей, тілге үста ақын. Келіс-
ті, үтмұды тенеу, салыстырулар та-
уып, орынды колдана біледі, кестесін
өзінше қыстырыады. Шәнгерей дайын,
айтылып жүрген сез үлгісін пайдалана
бермейді, соны тыннан тұған суреттеулер, жаңаша, өзінше
қилюастрылған сез тізбектерін пай-
далануға үмтүлады. Шәнгерей қа-
зактың байыры сездерін көп білген,
оларды қысынды қолданған.

Корыта келгенде, Шәнгерейдің
казак әдебиеті тарихында өзіндік
орны бар. Оның творчествосы қай-
шылықсыз емес. Шәнгерей шығармаларының осал жағы — өмір өтті деп
әкінуі. Бұл тұста ол көртартпа ба-
быттағы кейбір шығыс ақындарымен,
оларға сарында үндес казак ақын-

дары басып өткен сокпакпен, солар
тастап кеткен ізben жүреді. Бірақ
Шәнгерей торғуға мүлде мойын-
ұсынып, ойын жәндірмейді. Өмірден
кудер үзіп, сұнып, сырт айналған
шырай көрсетпейді. Оның өлендерін
нен жаңалықта ойысуға аз да болса,
үтмұлғаны байқалады.

Алдағы кундерде Шәнгерей шы-
ғармаларының буқіл бүге-шегесін
айқында, барын барша, жоғын жок-
ша, ағын актап, қарасын дараптап
көрсету міндегі түр. Бұл тайғаңак
жұмыс емес, колдан келетін, шама
жететін, орындауға әбден болатын
мәселе.

Зәки АХМЕТОВ.

«КАЗАК ЭДЕБИЕТИ»

19 июнь 1959 ж. 3-бет.